

## Эпидемиология бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 811 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 20 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3295. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 13 тамыздағы № 636 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010.08.13 № 636 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Қоса беріліп отырған "Медицина техникасын және медициналық мақсаттағы бұйымдарды іске асыратын объектілерге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін*

*атқарушы*

"Медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек сауда арқылы сататын нысандарға қойылатын санитарлық-

эпидемиологиялық талаптар" туралы  
санитарлық ережелер мен нормалар  
2004 жылғы 15 қарашадағы  
Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрінің  
N 811 Бұйрығымен бекітілген

**"Медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек  
сауда арқылы сататын нысандарға қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы  
санитарлық ережелер мен нормалар 1. Жалпы ережелер**

1. "Медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек сауда арқылы сататын нысандарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ережелер мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) меншік түріне қарамастан қызметі медицинада қолданатын бұйымдарды сатумен айналысатын заңды және жеке тұлғаларға арналған.

2. Заңды және жеке тұлғалар, осы санитарлық ережелердің талаптарын орындауды қамтамасыз етеді.

3. Осы санитарлық ережелерде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) медициналық техниканы және медицинада қолданылатын бұйымдарды сатумен айналысатын нысандар - медициналық бұйымдар мен медициналық техниканы сатумен айналысатын дүкендер, қоймалар және оптика дүкендері;

2) медициналық техника - аспаптар, аппараттар, құрал-саймандар, құрылымдар, кешенді құрал-жабдықтар, сондай-ақ олардың жұмысына байланысты бақылау, үлгі және реагент ретінде жұмсалатын шығын материалдары.

**Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2008.05.21 N 293 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

**2. Ұйымдарды орналастыруға қойылатын  
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

4. Медициналық техниканы және медицинада қолданылатын бұйымдарда сатумен айналысатын көтерме және бөлшек сауда жүргізетін нысандарға жер учаскесін бөлу, олардың құрылысын жүргізуді, қайта құруды жобалайтын құжаттарды бекіту, пайдалануға қабылдау жұмыстары санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болған жағдайда ғана жүргізіледі.

5. Дүкендерді былай орналастыру керек:

- 1) жеке тұрған ғимараттарда;
- 2) өзіне кіретін жеке есігі бар болғанда әкімшілік немесе тұрғын-үй ғимаратының құрылымына кіретін бірінші қабаттағы оқшауланған үй-жайларда;
- 3) дәріхана ұйымдарында, осы санитарлық ережелердің талаптарына сай, алаң болғанда жеке бөлім ретіндегі үй-жайларда.

6. Қоймаларды былай орналастыру керек:

- 1) жеке тұрған ғимараттарда;
- 2) өзіне кіретін жеке есігі бар болғанда, әкімшілік ғимаратының құрамына кіретін бірінші қабаттағы оқшауланған үй-жайларда;
- 3) (алынып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2008.05.21 N 293 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен).

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2008.05.21 N 293 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

7. Қоймалардың негізгі және қосымша үй-жайларының алаңы осы санитарлық ереженің қосымшаларында көрсетілген талаптарға сай болуы керек.

8. Тиеп-түсіретін алаңдар мен платформаларды жобалағанда жүктерді және тиеп-түсіретін механизмдерді атмосфералық жауын-шашыннан қорғауға қойылатын талаптарды еске ала отырып жүргізу керек.

### **3. Үй-жайлар мен құрал-жабдықтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

9. Қойма ғимараттарын көлемді-жоспарлау арқылы шешкенде, оның құрылысын қайта құру, технологиялық тұрғыдан жүктерді сақтау жұмыстарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін ескерген жөн.

10. Бір ғимараттың ішінде жүктерді сақтайтын, таситын, қабылдайтын, сорттайтын, жинақтайтын үй-жайларға бөліп, сондай-ақ, қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай, тұрмыстық, әкімшілік үй-жайлар қарастырылуы керек.

11. Сумен қамтамасыз ету, канализация, жарықтандыру қолданыстағы ҚНЖЕ-нің ережелерінің талаптарына сай болуы керек.

12. Қойма үй-жайларында және нысандарда ауамен жылыту немесе жылыту құралдарын ауа арқылы жылытумен біріктіруге болады. Қойма үй-жайларында жүкті сақтау технологиясына сай болатын болса, кондиционерлерді қолдануға болады, ал егер ауа ортасының керекті параметрлері қамтамасыз етілмесе, жалпы ауа айырбастайтын желдету жүйесін немесе булану арқылы ауаны салқындататын желдету жүйесін пайдалану керек.

13. Нысандарда және қойма үй-жайларында сағатына ауа мөлшерін бір рет өзгертетін табиғи жалпы ауа айырбастайтын желдету жүйесін қолдану керек.

14. Қойма үй-жайларында кондиционерлерді қолданғанда, сыртқы есіктің жанында немесе технологиялық тесіктердің қасында ауа немесе жылы ауа перделерін қолданады.

15. Қабырғалары мен төбелерді әрлеу үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген су өткізбейтін материалдар қолданылады.

16. Едендері Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдармен жабу керек. Қойма үй-жайларының едендері ондағы сақталатын жүктердің салмағына, түріне және пайдаланылатын механизмдердің қарқындылығына байланысты болып, соған сай материалдармен жабылуы керек.

17. Қойма үй-жайлары, құрал-жабдықтары және жиһаздар таза болып, күн сайын ылғалды тазалау жұмыстары жүргізілуі керек.

18. Медициналық бұйымдар, қабырғадан кем дегенде 80-100 сантиметр (бұдан әрі - см) жерде орналасқан сөреде немесе тауар салынатын орындарда сақталынуы керек.

19. Қоймадағы өнімдер, қойма аумағының 70%-нан көп жерде орналаспауы керек. Егер, өнімдердің көлемі мен олардың түрлері көбейетін болса, сату мен сақтау жағдайларын жақсарту үшін, олардың көлемін ұлғайту керек.

20. Медициналық техниканы және медициналық бұйымдарды сататын нысандарда қолданыстағы ҚНЖЕ сай, жұмыскерлерге арналған тұрмыстық үй-жайлар қарастырылуы керек.

21. Қойма жұмыскерлері Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің "Халықтың ерекше топтарына міндетті медициналық тексерістерден өту ережесін" бекіту туралы 2003 жылғы 20 қарашадағы N 766 бұйрығына сай медициналық тексерістерден өтулері керек.

"Медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек сауда арқылы сататын нысандарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ережелер мен нормаларға

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2008.05.21 N 293 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

**Медициналық бұйымдарды сататын дүкендердің сақтайтын қоймалардың құрамымен керекті мөлшері**

--	--	--	--	--

Үй-жайлардың атауы	Медициналық бұйымдарды сататын дүкендердің аумағы, м <sup>2</sup>	Оптика дүкені, м <sup>2</sup>	Дәріханалық қоймалардың медициналық техника және медициналық бұйымдар бөлімі, м <sup>2</sup>	Көтерме саудаға арналған медициналық бұйымдарды сақтайтын қойма, м <sup>2</sup>
1. Халыққа қызмет көрсететін оның ішінде:	22	18	-	12
1) құрал-жабдықтар орналасқан аумақ және қызметкерлердің жұмыс орындары	Сатылатын заттардың мөлшеріне және түрлеріне қарай, бірақ 12 кем болмауы керек	12	-	-
2) келушілерге арналған холл	10	6	-	12
2. Қоймалық үй-жайлар: медициналық бұйымдарды сақтауға арналған қойма; қосалқы бөлшектер мен шығарылатын заттарды сақтайтын қойма;	кем дегенде 30 -		кем дегенде 10 -	кем дегенде 50 6
3. Құрал-жабдықтар мен аппараттардың сапасын, дұрыс жұмыс істеуін, жиналуын тексеретін бөлме	12		-	16
4. Әкімшілік-тұрмыстық үй жай: 1) меңгерушінің кабинеті; 2) қызметкерлердің кабинеті;	20	Дәріхана-		30

3) киім ілгіш;		мен	-	
4) жинап-тазалау құралдарын сақтайтын орын;		бірге		
5) тазалық орны				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК